

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 96 (9158) | 1953 жылғы 13 май Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Істің орындалуын тексеру — табыс кепілі

И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегі мен партияның XIX съезінің тарихи қарарлары партияны, бүкіл совет халқын елімізде коммунистік қоғам орнатудың ұлы программасымен қаруландырды. Коммунизмнің сәулеті шыңына қарай басқан қадамымыздың жылдам және табысты бола беруді ұйымдастыру жұмысы дәрежесінің әрқашан жоғары болуын талап етеді.

«Дұрыс жол берілгеннен кейін, мәселені дұрыс шешудің нұсқасы берілгеннен кейін істің ойдағыдай орындалуы ұйымдастыру жұмысына, партия жолын іске асыру үшін күресті ұйымдастыруға, адамдарды дұрыс іріктен алуға, басшы орындардың шығарған қаулыларының орындалуын тексеріп отыруға байланысты, — деп үйретті И. В. Сталин. — Мұнысыз партияның дұрыс жолының, дұрыс қаулылардың үлкен нұсқау көруі мүмкін».

Сталиндік бұл нұсқауды, партияның XIX съезінің қарарларын орындай отырып, облыс партия ұйымдары жұмыстың қай участогінде болсын ұйымдастыру мәселесіне, оның өзекті буындары: кадрларды іріктен алу, тәрбиелеу, істің орындалуын тексеру мәселесіне ерекше назар аударатын болды. Осының нәтижесінде олар облысымыздың шаруашылығы мен мәдениетін оған әрі өркендету, сталиндік бесжылдықтың міндеттерін жүзеге асыру күресіне еңбекшілер бұқарасын белсендіре жұмылдыруда.

Алайда, ұйымдастыру жұмысында әлі де болса орын алып отырған елеулі кемшіліктерді көрмеу қате болар еді. Атап айту қажет, бірінші партия, совет ұйымдары жоғарғы орындардың директивалары мен өз қаулы-қарарларының орындалуын ұйымдастыру және тексеру ісімен мүлдем жеткіліксіз шұғылданады. Кейбір басшы жолдастар саяси-шаруашылық жұмыс жөніндегі мәселелерді жыйнақтап талқылап, қаулы алсақ болды деп

ретарылары кейде шаруашылық жұмыстың ұсақ мәселелеріне дейін ретсіз араласып, істің орындалуын тексеру жұмысына назар аудармайды.

ҚКП Мамлют аудандық комитетінде барлық жұмыс түрлі қаулыларды партия ұйымдарына жіберумен ғана тынады. Бір мысал, жыл басында аудандық партия комитеті «Зерновая фабрика» колхозы партия ұйымында үгіт-бұқаралық жұмыстың жайын жақсарту жөнінде қабылдаған қаулысының көшірмесін аталған ұйымға жібере салды. Ал, бастаушы партия ұйымының секретары Холкина жолдас қаулыны коммунистерге таныстырмастан, архивке тікті. Олай болса, қаулының орындалуы жөнінде қандай сөз болуы мүмкін. Аудандық комитет осы сияқты кадрларды іріктен алу, шағымдар мен арыздардың кезінде шешілу мәселелеріне де осылай үстірт қарайды. Мұның бәрі ауданда шаруашылық жұмыстардың сылдыр жүргізілуіне, идеологиялық жұмыстың дәрежесі төмен болуына әсер етпей отырған жоқ.

Партияның XIX съезі партия ұйымдарының алдына басшылықтың бүкіл есептесінде бақылау мен істің орындалуын тексеруді барынша күшейту міндетін қойды. Осы талапты бұлжытпай орындаған жерде ғана партиялық, идеологиялық жұмыстың дәрежесі жоғары болуы, шаруашылық, мәдени құрылыс саласындағы міндеттердің ойдағыдай орындалуы мүмкін. Мұны басшы партия, совет қызметкерлері әрқашан есте ұстауы керек.

Істің орындалуын үнемі тексеру — кадрлардың тапсырылған жұмысқа жауаптылық сезімін арттыруды, жұмыстағы иесіздікке қарсы күресті күшейтеді. Сөйтіп, ол әрбір қызметкердің жеке басының сапасын сөзімен емес, ісінің нәтижесіне қарай бағалауды қамтамасыз етеді, төрешілдік пен кеңсешілдік әдетті батыл жоюды.

Бұл мақсатқа жету үшін екі түрлі шарт керек: біріншіден, істің орындалуы

Егісте әрбір трактордың өнімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін

★
Егіс жоспары орындалды

Партияның XIX съезінің дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру жөніндегі қарарларын орындау жолындағы күресті күшейте отырып, Қарағанды совхозының коллективі көктемгі егіс жоспары қалайы агротехникалық мерзімде толық орындалып шықты. Егіс жұмыстарының табысты өткізілуі — техника қуатының толық және тиімді пайдаланылуының, механизаторлар мен егіншілер арасында еңбек ұйымдастыру ісін жақсартудың игілі нәтижесі болды.

Егіс жұмыстарында тракторшылар сменалық тапсырмаларын ұдайы орындап отырды. Егісті тез және сапалы аяқтау жолындағы социалистік жарыста Иван Бабаков жолдас үздік шықты. Ол өзі жүргізетін «НАТИ» тракторымен бір сменада 45 гектар орнына 70—75 гектар жерге тұқым себуге жетісті. Тракторшы Берекитов жолдас та бұдан қалысқан жоқ. Ол «ЧТЗ» тракторымен сменалық норманы 130 проценттен орындап отырды.

Көктемгі егіс жоспарын орындаймын совхоз іде-шала пар жыртуға кірісті. Пар жыртуға 5 трактор қосылды. Олармен 495 гектар пар жырылды.

Совхозда егісті күтіп баптау жұмыстары да қызу қолға алынуда.

Н. БАЦУЛА,

Қарағанды совхозы партия ұйымының секретары.

Озат колхозда

«Новый путь» колхозындағы (Булаев ауданы) егіс бригадасы мен трактор бригадасы бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс істей отырып, көктемгі егісті табысты жүргізуде. Мұнда тракторлар екі сменада жұмыс істейді. Олар түнде жұмыс істеу үшін жарықпен қамтамасыз етілген.

Жұмыстың барлық саласында істің орындалуын тексеруді кәзіргі өскелең талапқа сай ұйымдастырып, партияның XIX съезі алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда жаңа табыстарға ие бола берейік!

Тракторлардың қуатын толық пайдаланудамыз

★
Тракторлардың қуатын толық пайдаланудамыз

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің IV пленумының қаулысында көктемгі егісті агротехникалық ережелерге сәйкес қысқа мерзімде өткізу талап етілді. Бұл міндетті мүлтіксіз жүзеге асыруда тракторлардың қуатын толық пайдаланудың маңызы ерекше зор. Өйткені, егіс жұмыстары түгелге дейін трактор күшімен атқарылады. Біздің бригаданың механизаторлары бұған ойдағыдай көңіл бөлуде.

Трактордың қуатын толық пайдаланып, өнімді жұмыс істеу үшін біз тракторларға техникалық күтімді жақсарттық. Смена аяқталысымен-ақ тракторшылар тракторларға техникалық күтім жасап отырады. Олардың әрбір бөлшектерін мұқият байқап, босаған винттері болса бұрап, бекітеді, тазалап сүртеді. Бұл кезде мен өзім міндетті түрде бірге болып, тракторшыларға көмектесемін. Сөйтіп, трактордың әрбір бөлшегінің қалтқысыз жұмыс істеу дәрежесінде болуына назар аударамын. Осы сияқты, техникалық күтімнің дұрыс жолға қойылуы тракторлардың жақсы сағат механизміндегі жұмыс істеуіне қосымша зор мүмкіншіліктер туғызып жүр.

Быйыл машина-трактор паркінің атқаратын жұмысының көлемі өткен жылғыдан анағұрлым ұлғайтылған. Осыған байланысты өткен жылы тракторлардың қуатын пайдаланудағы кемшіліктерді болдырмаудың нақтылы шараларын белгілеп, оны мінсіз жүзеге асырып келеміз.

Бригадада көктемнің алғашқы күндерінен бастап жұмыс екі сменада ұйымдастырылды. Әрбір тракторшыдан сменалық тапсырманы толығымен орындау қатаң талап етіледі.

Өткен жылы көктемгі егіс кезінде сеял

бригадасы бізді қажетті күш-көліктермен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етті. Тракторларға су, жағар, жанар майдың және тұқымды уақытылы жеткізіп тұрады.

Осындай ішкі мүмкіншіліктерді дұрыс пайдалану тракторлардың тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істеуіне және бригаданың егіс жұмыстарын алғашқы күндерден табысты жүргізуіне мүмкіндік туғызды. Бригадада он жұмыс күні ішінде әрбір 15 аттың күші бар трактормен жүздеген гектар жер жұмыстады, 130 килограмм жанар және жағар майы үнемделді. Жекелеген тракторшылар бұдан да көрнекті табыстарға ие болуда. Тракторшы Н. Петренко жолдас 13 сменада 135 гектар жер жұмыстады. Бұл әрбір сменада 8,5 гектар орнына 10,3 гектар жер жұмыстады деген сөз.

Бригадада барлығы бір «ДТ—54» және екі «СТЗ» тракторы бар. Осы тракторлармен 650 гектар егіс алаңына тұқым себіліп, 150 гектар жер жырылды. Мың гектардай егістік алаң бір ізде тырмаланып, 154 гектар егістік алаң сыдыра жырылды.

Тракторшылар жұмыстың қарқынды күшейтумен бірге, оның сапасын да жақсартып отыр. Колхоз басқармасы бригада жұмыстаған егіс алаңын күн сайын қабылдап алады. Бізде жер жырту, тырмалау, тұқым себу және басқа жұмыстар агротехникалық ережеге сәйкес жүргізіледі. Тракторшылар егіннен мол өнімнің алынуы егіс жұмыстарының қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде өткізілуіне тығыз байланысты екендігін жақсы біледі. Сондықтан да олар егістік алаңның әрбір гектарын агрономиялық талаптарға сай жұмыстады.

Механизаторлардың тракторлардың қуа

Облысымыздың өчеркәсін орындарында

Завод жұмысшыларының қажырлы еңбегі

Петропавл шағын двигательдер зауыты ұсталық-пресс цехының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Бірінші май қарсаңындағы қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, еңбек қарқынды күн санап арттыра түсуде. Цех коллективі айда-айға завод дирекциясы мен кәсіподақ комитетінің ауыспалы Қызыл Туына ие болып келеді. Мұндағы жұмысшылардың көпшілігі — стахановшылар. Олардың ішінде ұста Алексей Кабуков, штамп жасаушы Михаил Афанасьев және басқалары айлық тапсырмаларын 250—300 процентке дейін орындап жүр.

Сол сияқты, зауыттың қуы цехының коллективі де табысты еңбек етуде. Ол апрель айының өндірістік жоспарын асыра орындады. Мұнда қуышы Мұқанов, шойын жонушы Байқадамов, үлгі жасаушы Ковалева және басқа жолдастар өзде-рінің қажырлы еңбегімен көзге түсуде. Бұлардың әрқайсысы айда-айға 2—3 норма орындайды. Әсіресе, жұмысшылардың арасында шойын қуышы Досан Мұқанов құрмет пен даққа бөленген. Оның есімі завод директорының Бірінші май алдындағы бұйрығы бойынша «заводтың құрмет кітабына» жазылған және оған ақшалай сыйлық берілген. Мұқанов жолдас кәзір үстеміздегі айда бесінші бесжылдықтың жоспарын орындап шығу жолында қажырлылықпен еңбек етіп жүр.

Р. УӘЛІЕВ.

ЖАРЫС ОЗАТТАРЫ

Петропавл вагон жөндеу депосының коллективі 1953 жылдың бірінші тоқсандық өндірістік тапсырмасын артығымен орындап, май мерекесі күрметіндегі жарысқа іле қосылған болатын. Вагоншылар төртінші айдың вагон жөндеу жөніндегі өндірістік жоспарын 25 апрельде орындады.

Вагоншылар алған міндеттемелерін ой-

онан соң жеңіс өзінен өзі келеді деп ойлайды. Сөйтіп, олар қаулы алу тек істің басы ғана, ол табысты көздейтіміздің белгісі ғана, оны жүзеге асыру үшін ұйымдастыру жұмысы қажет екенін ұмытады.

Сталин атындағы колхоз (Булаев ауданы) партия ұйымы осы жылы январь айында өзінің жыйналысында партия оқуының жайы туралы мәселе қарады. Жыйналыс саяси мектеп пен үйірменің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді көрсетті, оны жоюдың шараларын белгілеп қаулы алды. Бірақ, не пайда, партия ұйымының секретары Қазанов жолдас партия жыйналысы қаулысының орындалуын бақыламады. Осының салдарынан саяси мектеп пен үйірмеде сабақтың өтпей қалуы сыяқты фактілер күні бүгінге дейін жиі кездеседі.

Мұндай фактілер неқенесаяқ емес. «Зерновая фабрика» (Мамлют ауданы), «Бостандық», Аманкелді атындағы (Приемшім ауданы), «Дозор Ильича» (Соколев ауданы) колхоздары партия ұйымдарында да жоғарғы органдардың директивалары мен өз қаулы-қарарларының орындалуын тексеру ісінің жайы мүлдем төнгісіз. Қаладағы Киров атындағы заводтың және бірсыпыра сауда орындары партия ұйымдарының жұмысы туралы да осыны айтуға болады.

Бастауыш партия ұйымдарында істің орындалуын тексеру жұмысының жайы қанағаттанғысыз болуына аудандық, қалалық партия комитеттері тікелей кінәлі екенін атап айту қажет. Өйткені, аудандық, қалалық партия комитеттерінің басшы қызметкерлері, әсіресе, олардың сек-

реторлары тексеру жұмысы оқта-текте ғана емес, үнемі жүргізілсін, екіншіден, істің орындалуын тексеру жұмысымен басшы партия, совет қызметкерлері өздері тікелей шұғылданып болсын. Бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары жұмыстың барлық саласында істің орындалуын тексеруді тек коммунистерге ғана тапсырып қоймай, өздері ол жұмыспен әрқашан араласып отыруы қажет. Қалалық, аудандық партия комитеттерінің басшы қызметкерлері, әсіресе, олардың секретарьлары партия мен үкімет директиваларының орындалуын тексеру ісін өз қолдарына алып, бұл жөнінде бастауыш партия ұйымдарына жанды көмек көрсетуге міндетті.

Біздің партиямыздың күші — қалың бұқарамен тығыз байланыстылығында. Сондықтан партия ұйымдары істің орындалуын тексеру жөніндегі жұмысында коммунистерге, еңбекшілердің қалың бұқарасына, кәсіподақ және комсомол ұйымдарына, жергілікті Советтердің активіне сүйенетін болулары керек. Бұл жоғарыдан тексеруді төменнен болатын тексерумен ұштастыруды қамтамасыз етеді. Партия жыйналыстарында, жұмысшылар мен колхозшылардың жыйналыстарында біздің ісіміздегі кемшіліктер жөніндегі айтылған сын пікірлер мен ұсыныстардан тиісті қорытынды жасалатын болсын. Осылай болған күнде ғана төменнен болатын тексеріс пен сынды күшейтуге болады.

Жұмыстың барлық саласында істің орындалуын тексеруді қазіргі өскелең талапқа сай ұйымдастырып, партияның XIX съезі алаң қойған міндеттерді жүзеге асыруда жана табыстарға не бола берейік!

Еліміздің егіс даласында

КРАСНОДАР. Кубаньда темекі егу жұмысы басталды. Қырым, Лабин, Анап және басқа темекі отырғызатын егіс даласында еңбекті көп тілейтін темекі отырғызу жұмысы толық механикаландырылған. Темекі плантацияларында 500 темекі отырғызу машиналары жұмыс істейді. Бұл өткен жылғыдан екі есеге жуық артық.

ЧКАЛОВ. Май айының жаңбыр-шапшынды алғашқы суық күндерінен кейін ауа райы тез жылынды. Облыстың егіс даласында себілген тұқым жаппай көктеп шыға бастады. Дала жұмыстарының қарқыны күшейтілуде. Өте бай техниканың резервтерін ойдағыдай пайдалана отырып, колхозшылар егіс мерзімін қыстарғып қана қоймай, бидай

егісінің көлемін ұлғайтуда, шөп егу жоспарларын артығымен орындауда. Бірнеше колхоздар мен совхоздар пар жырту жұмысын аяқтады.

АСТРАХАНЬ. Облыстың Камызяк, Краснояр және басқа аудандарының колхоздары күріш егу жұмысын өрістете түсті. Күріш себілетін барлық егіс алаңдарына Краснодар және Приморь өлкелерінде өсірілген сортты тұқымдар себілді. Күріш себілген плантациялар Волго-Ахтубинскі еу қоймасының жерлеріне орналастырылған. Күріш жақсы жұмысталған зыбке себілуде. Күріш дақылы себілетін алаң өткен жылға қарағанда бірнеше мың гектарға ұлғайтылады.

11 май. (СОТА).

СЕЛОЛЫҚ КІТАПХАНАДА

АСПИНДЗА. (Грузин ССР), 11 май. (СОТА). Аспиндза ауданының Хизабавра селосындағы Берия атындағы колхозда кеше селолық кітапхана ұйымдастырған кезекті әдеби сабақтары болды. Кітапхананың кітап оқушылары грузин поэзиясындағы И. В. Сталиннің образына арналған баяндамалар жасады.

Кітапханада жексенбі сайын әдебиет тақырыбына баяндамалар жасалынады.

жаңа шығармалар оқылады. Некрасов, Горький және Маяковскийдің творчествосына арналған сабақтар ойдағыдай өткізілді. Ондаған колхозшылар грузин ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» деген шығармасын талқылауға қатысты.

Селолық кітапханада 275 кітап оқушы бар. Кітапхананың жанынан әдебиет және өлке тану үйірмелері ұйымдастырылған.

тракторшылар тракторларды техникалық күтімде ұстап, оларды толық қуатымен жұмысқа қосады. Сөйтіп, тракторлардың күндік жұмыс өнімділігі ұдайы арттыруға жетісіп жүр.

Көктемгі егіске күш-мүмкіншілікті толық пайдалану өзінің игілі нәтижесін беріп келеді. Колхоз егіс жоспарын орындап болуға жуық. Бұл колхоз социалистік жарыста аудан бойынша бірінші орынға ие болды.

Егіс жұмыстарында тракторшылар үлгілі істерімен көзге түсулі. Мәселен, тракторшы А. Кузьменко жолдас тұқым себуда сменалық норманы үнемі артығымен орындап жүр. Ол смена сайын 55—60 гектар жерге тұқым себеді. В. Сланко, А. Кулак жолдасар да осындай озаттар. Бұлардың әрқайсысы сменалық норманы 170—180 проценттен орындап жүр.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

тракторшылар тракторларды техникалық күтімде ұстап, оларды толық қуатымен жұмысқа қосады. Сөйтіп, тракторлардың күндік жұмыс өнімділігі ұдайы арттыруға жетісіп жүр. Көктемгі егіске күш-мүмкіншілікті толық пайдалану өзінің игілі нәтижесін беріп келеді. Колхоз егіс жоспарын орындап болуға жуық. Бұл колхоз социалистік жарыста аудан бойынша бірінші орынға ие болды.

Егіс жұмыстарында тракторшылар үлгілі істерімен көзге түсулі. Мәселен, тракторшы А. Кузьменко жолдас тұқым себуда сменалық норманы үнемі артығымен орындап жүр. Ол смена сайын 55—60 гектар жерге тұқым себеді. В. Сланко, А. Кулак жолдасар да осындай озаттар. Бұлардың әрқайсысы сменалық норманы 170—180 проценттен орындап жүр.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

тракторшылар тракторларды техникалық күтімде ұстап, оларды толық қуатымен жұмысқа қосады. Сөйтіп, тракторлардың күндік жұмыс өнімділігі ұдайы арттыруға жетісіп жүр. Көктемгі егіске күш-мүмкіншілікті толық пайдалану өзінің игілі нәтижесін беріп келеді. Колхоз егіс жоспарын орындап болуға жуық. Бұл колхоз социалистік жарыста аудан бойынша бірінші орынға ие болды.

М. РЕДКИН,
Образцовая МТС-нің № 4 трактор бригадасының бригадирі.

ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШ

«Заря коммунизма» колхозында (Октябрь ауданы) жұмыс істейтін № 9 трактор бригадасының жетекшісі механикаторлары көктемгі дала жұмыстарында үздік табыстарға жетіп жүр.

Тракторшы Н. Колесников жолдас — осындай механизаторлардың бірі. Ол сменалық норманы ұдайы артығымен орындайды. Бір сменада ол 18 гектар орнына

І. МАХМЕТОВ.

25—30 гектар жерге тұқым себеді. Өткен бескүндікте Колесников жолдас доғалақты трактормен 150 гектар жерге тұқым сеуіп, үздік табыстарға жетті.

Бригадада Н. Изатов, К. Мамедов жолдасар да күнбе-күн өнімді жұмыс істеп, стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп келеді.

дәрінен орындауда. Күрделі жөндеу цехы апрель айының жоспарын біржарым есеге жуық орындады.

Вагон жөндеу депосының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері 1 Май мерекесі құрметіндегі социалистік жарыста қол жеткен табыстарын баяндау үшін еңбек өнімділігін бұрынғыдан да еселеп арттыра түсті. Алынған міндеттемелердің орындалуы күн сайын тексеріліп, стахановшылардың жұмыс көрсеткіштері көрсеткіш тақталарына үнемі жазылып отырылады.

Күрделі жөндеу цехында социалистік жарыс жақсы ұйымдастырылған. Жарыста котельщик Давыдов, балташы Варанин, слесарь Скоробогатов, электр қуатымен металл балқытушы Рыбалко жолдасар ала келеді.

А. ДЫБИНСКИЙ.



Егіс қостарындағы лекциялар

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Көктемгі егіс күндерінде облыстық партия комитетінің лекторлары, аудандық партия комитеттерінің саяси баяндамашылары егіс қостарында жұмыс жүргізе бастады. Теректі ауданының Чапаев атындағы колхозының егіс қосында И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі «Марксизм-ленинизм теориясына қосылған жаңа зор үлес» деген лекция оқылды. Зелено ауданының Сталин атындағы артелінің егіншілері «Бесінші бесжылдықта ауыл шаруашылығының онан әрі өркендеуі» деген лекция тындады.

Қаратөбе ауданының Киров атындағы «Сталин жолы», Калинин атындағы колхоздарының егіс қостарында «Партияның XIX съезі және ССРО-да коммунизм орнатудың міндеттері», «И. В. Сталин социализмнен коммунизмге өтудің негізгі алғы шарттары туралы» деген лекциялар оқылды.

Жаңақала ауданының колхозшылары үшін егіс күндерінде съездің материалдары және И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі бойынша 20-ға жуық лекция оқылды.

Поезды өте шапшаң жүргізу және жанармай үнемдеу үшін

ШАЛҚАР. (ҚазТАГ). Бірінші тоқсандағы бүкілодақтық жарыстың қорытындысы бойынша Шалқар тепловоз депосының коллективіне Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі мен Қатынас жолдары министрлігінің ауыспалы Қызыл туы берілді.

Шалқардың теміржолшылары өз еңбегінің жоғары бағаланғанына жауап ретінде жүк тасымалының жарты жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауға міндеттенді. Олар берген уәдесін стахановтық еңбегімен қуаттауда. Көптеген тепловоз экипаждары поездарды өте шапшаң жүргізіп, отын үнемдеуде.

ЖАҢА РАДИОРАБТАР

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Шұбартау ауданының Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінде жаңа радиораб пайдалануға тапсырылды. Каганович атындағы колхозда радиораб жасау аяқталып келеді. Оны іске қосқаннан кейін бұл аудан толық радиоландыры-

Тепловоз машинисі Владимир Товарев үздік табысқа жетті. 5 майда ол салмағы нормадан 850 тонна артатын поезд жүргізіп, техникалық шапшаңдықты сағатына 5 километр асыра орындады. Машинист Жанәлі Сырлыбаев салмағы нормадағыдан 550 тонна артатын поезд белгіленген жеріне графиктегі мерзімнен бұрын жеткізіп, осы сапарда 300 килограмм отын үнемдеді.

Депоның тепловозшылары соңғы бес күннің ішінде ауыр салмақты 155 поезд жүргізіп, таспырмадан тыс ондаған мың тонна жүк тасыды, бір цистерна жанармай үнемдеді.

Ново-Покровка және Мақаншы аудандарының елді жерлерін радиоландыру быйыл аяқталады.

Қазіргі уақытта Семей облысының селоларында, ауылдарында және жұмысшы поселкелерінде 75 радиораб жұмыс істейді.



СУРЕТТЕ: Қарағандының Пархоменко атындағы машина құрылысы заводның механикалық құрастыру цехының таңдаулы бригадирі **С. Белоконов** жолдас жұмыс үстінде.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

ОБЛЫСТЫҚ ШАХМАТ ТУРНИРИ

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Мұнда облыстық шахмат турнирі аяқталды. Ең күшті 14 шахматшы облыстың 1953 жылғы чемпионы атағын жеңіп алу үшін жарысты. Жарыста турнирге қатысқан ең жас спортшы, Ақтөбедегі № 2 мектептің 10-класының оқушысы Борис Козтуенко жеңіп шықты. Қандағаш станциясы депосының бас механигі Виктор Двигубский екінші орын алды.

ПАРТИЯ ТҮРМҮСЫ

МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарларының айбынды міндеттері

И. В. Сталин жолдастың инициативасы бойынша құрылған машина-трактор станциялары колхоз құрылысын нығайтуда орасан зор роль атқарып келеді. Олар ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың тірегі болды. МТС-тердің ескең техникамен жабдықталуы ауыл шаруашылығында агрономиялық ғылымның табыстарын кеңінен қолдану, егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы мәдениетін, еңбек өнімділігін арттыру үшін қажетті жағдайдың бәрін жасайды.

Колхоздардың негізгі ауылшаруашылық жұмыстарының бәрі де МТС-тердің күшімен атқарылатын болды. Мұны біздің облысымыздың өмірінен-ақ айқын көруге болады. Тек 1952 жылдың өзінде ғана колхоздарда механизация күшінің арасалмағы жазғы дақыдарды егуде 98,2 процент, пар жыртуда 98 процент болды. Осы сияқты, колхоздарда дөңді дақыларды жыйнау жұмысының 99,2 проценті, шөп шабудың 80,8 проценті, пар жыртудың 100 проценті механизация күшімен орындалды.

Өткен жылы МТС-тер трактор паркін пайдалану ісін біраз жақсартты. 40 трактор бригадалары жылдық жоспарды 110—188 процент орындады. Бұл бригадаларда 15 аттың күші бар әрбір трактормен 600 гектардан 1000 гектарға дейін жер жұмысталды.

Интернационал МТС-інде Могунов жолдастың трактор бригадасы өткен жылы 15 аттың күші бар әрбір трактормен 798 гектар жер жұмыстап, 5478 килограмм жанар майын үнемдеді. Бригада колхозда барлық жұмысты белгіленген агротехникалық мерзімде орындады, осының нәтижесінде сол колхозда жұмыс істейтін басқа бригадаларға қарағанда ол егіннен өнімді 20 процент артық алды.

Жеделенген озат механизаторлар және техниканы пайдалануда жақсы көрсеткіштерге ие болды. Интернационал МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Петр Пономарев жолдас 1952 жылы «Сталинец» қос комбайнымен 39 жұмыс күші ішінде 1328 гектар егін орып, 16 мың 565 центнер астық бастырды. 1819 килограмм жанар майын үнемдеді. Комбайндар мен тракторлардың қуатын толық пайдаланып, жұмыста жоғары көрсеткіштерге ие болған мұндай механизаторлар көптеп саналады.

Облыс МТС-терінің ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда шешуші орын алып отырғаны сөзсіз. Алайда, жұмыстары елеулі кемшіліктерді көрмеу қате болар

жұмысының мұнша қанаттанғысыз болуына МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары да кімәлі.

Партиямыздың Орталық Комитетінің февраль пленумының қаулысында МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарларының міндеттері айқын көрсетілді. «МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары, — делінген пленум қаулысында, — МТС-тің жұмысын жақсартуды, МТС-тер мен колхоздардың арасында өзара қарым-қатынас дұрыс болуын қамтамасыз етуді көздеуге, колхоздар мен МТС-тер жасасқан шартының мүлтіксіз орындалуын қадағалауға, бұл қарым-қатынаста МТС-тің немесе колхоздардың жұмысындағы кемшілікті өзара бүркеушілік болмауын қадағалауға тиіс».

Алайда, кейбір МТС директорларының орынбасарлары өздеріне жүктелген міндеттің дәрежесінде бола алмай келеді. Образцовая МТС-і қуатты техникамен жабдықталған ірі МТС-тердің бірінен саналады. Осылай бола тұрса да, МТС жыл сайын трактор жұмыстарының жылдық жоспарын үнемі орындай алмай отыр.

МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Макаров жолдас трактор бригадаларында сирек болады, олардың өмірін білмейді. Социалистік жарыс мәселесіне жете назар аудармайды. Мұнда механизаторлар арасында социалистік жарыс формальді ұйымдастырылып, партиялық-саяси және тәрбие жұмысы өскең міндеттер дәрежесінде жүргізілмей отыр.

Бізде Макаров сияқты дәрменсіз қызметкерлер некенаяқ емес. Сартомар МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі бұрынғы орынбасары Омаров жолдас өрнексіздікке салынып, елеулі кемшіліктер мен қателіктерге жол берді. Ол механизатор кадрларға саяси тәрбие берудің, МТС пен колхоздардың жасасқан шарттың қатаң сақталуын бақылаудың орнына, МТС жұмысшылары мен колхозшылар арасында бұзақылық істеп, колхоздың шабындық жерін жеке басының мақсатына пайдаланды. Сөйтіп, ол МТС коллективі мен партия ұйымының алдында өзінің беделін түсірді. Оның қателіктері мен кемшіліктері өзіне әрқашан ескертіліп келді. Бірақ, Омаров жолдас бұл ескертулерден дұрыс қорытынды шығармады. Сондықтан облыстық партия комитетінің бюросы оған партиялық қатаң жаза қолданып, МТС директорының орынбасары қызметінен босатуды қажет деп тапты.

Сokolov МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Пономарев жолдас өзінің жұмысында колхозшылар-

былды. Бұл МТС және колхоз партия ұйымдарынан ауылшаруашылық қызметкерлері арасында ұйымдастыру және саяси-бұқаралық жұмысты күшейтуді талап етеді. МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары партия ұйымдарымен бірлесе отырып, социалистік жарысты ұйымдастырушы болуға тиіс. Ол еңбек тәртібін нығайту үшін де батыл күрес жүргізуге міндетті.

Қазір облысымыздың колхоз, совхоздары мен МТС-тері көктемгі егістің шешуші кезеңдеріне кірісті. МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары өздерінің барлық күшін көктемгі егісті ойдағыдай өткізу жолына жұмсауға тиіс. Алайда, Совет және Шағлы МТС-тері директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары көктемгі дала жұмыстарына қажетті әзірлікті ойдағыдай ұйымдастыра алмады. Бірыңыра колхоздарда механизаторлардың өнімді еңбек етуі үшін тиісті жағдайлар жасамаған. Мысалы, Шағлы МТС-нің қамтуындағы «Путь 12 лет октября» колхозында Глушко жолдас басқарған озат трактор бригадасының механизаторлары үшін, басқаны айтпағанда, дала қосы да ұйымдастырылмаған. Осының салдарынан механизаторлар 7—8 километр жерге үйден келіп жұмыс істеуге мәжбүр болып отыр.

МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары механизатор кадрларын даярлау ісінен тыс қала алмайды. Алайда, олардың механизатор кадрларын даярлауда ерекше назар аудармайтындары байқалады. Совет, Октябрь және Булаев аудандары МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда тракторлардың екі сменада жұмыс істеуіне механизаторлардың жетіспеуі тек осыдан деуіміз керек. Бұл аудандардың МТС-терінде үстіміздегі жылы механизаторлар күресіне оқушылар жіберу ісі нашар ұйымдастырылды. Ал, МТС-тердің жанындағы тракторшылар даярлайтын курстар мүлде ұйымдастырылмады. Механизатор кадрларын даярлау мәселесімен жете шұғылдану МТС-директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарларының ең басты міндеттерінің бірі.

Саяси жұмыстар жөніндегі орынбасардың басты міндеттерінің бірі — механизаторлар арасында озат тәжірибелерді кеңінен насихаттау, осының негізінде МТС-тің барлық қызметкерлерін алдыңғылардың қатарына қосу болып табылады.

МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары станция қызмет-

Жазғы спорт маусымы басталды



Облысымыздың спортшылары жазғы спорт маусымының ашылуын зор әзірлікпен қарсы алды. Өткен жексенбі күні қаладағы ерікті спорт қоғамдары командаларының спортшылары қаланың тұстұсынан сап түзеп, «Динамо» стадионына лек-легімен ағылып келе бастады.

Қаладағы «Динамо» стадионында жазғы спорт маусымының ашылуы құрметіне арналған салтанатты парадқа «Динамо», «Искра», «Локомотив», «Электрик», «Пищевик» және басқа ерікті спорт қоғамдары командаларының спортшылары қатысты.

Күндізгі сағат 12-де «Динамо» стадионы қала еңбекшілеріне лық толды. Спортшылардың салтанатты парадын еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советі атқомінің председатели Савин жолдас қабылдап, олардың өздерінің спорт шеберліктерін арттырып, алдағы спорт маусымында жаңа табыстарға жетулеріне тілектестік білдірді және жазғы спорт маусымының басталуымен құттықтады.

Бұдан кейін Ушинский атындағы мұғалімдер институтының студенті, жеңіл атлетика бойынша өткен жылғы қала чемпионы Тася Федянина спорт туын жоғары кө-

тарында бірінші орынды жеңіп алған «Искра» ерікті спорт қоғамының спортшылары бастады. Бұдан кейін «Пищевик», «Динамо» және басқа ерікті спорт қоғамдарының колонналары өтті.

В. И. Ленин, И. В. Сталин және А. И. Микоян жолдастардың суреттері салынған «Пищевик» командасының жалаулары мен мотоциклшілердің көтеріп шыққан ұрандары стадионға әсем көрік беріп тұр. «Динамо» командасының спортшылары жер шарының маңытын көтеріп шықты. Онда «Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнасын» деген жазулар бар. Шардың үстінде спортшы қыз тұр. Оның бір қолында кішкене қызыл жалау, ал, екінші қолында көгершін. Спортшылардың жазғы маусымының ашылу күніне арналған салтанатты парад ұйымшылдықпен өтті.

Спортшылар парадынан кейін еңбекшілер депутаттары қалалық Советінің жұлдесін алу үшін эстафета өткізілді. Оған ерікті спорт қоғамдарының 9 командасы қатысты. Эстафетаның қорытындысында «Искра» ерікті спорт қоғамының командасы бірінші орынға, «Динамо» командасы екінші орынға ие болды.



орындарды жеңіп алғандарға қалалық Советің сыйлығын тапсырды.

Жазғы спорт маусымының ашылуы құрметіне «Электрик» — «Звезда» және «Динамо» — «Молот» спорт клубы ерікті спорт қоғамдары футболшыларының жолдастық кездесу ойыны болып өтті. Футбол ойынының қорытындысында электрикшілер 3:1 есебімен «Звезда» командасын жеңіп шықты. Ал, «Динамо» және «Молот» спорт клубы командалары бірінбірі жеңе алмай, 1:1 есебімен тепе-тең түсті.

Сол сияқты, «Локомотив» стадионында да футболшылар мен жеңіл атлетиктердің жарысы болып өтті. Жеңіл атлетиктер жарысына қала мектептерінің, темір жол торабы мектептері мен еңбек резервтері мектептерінің оқушылары және оқу орындарының студенттері қатысты.

Үкмет пен партияның туысқандық қамқорлығына бөленген облысымыздың спортшылары өздерінің спорт өнерлерін күн санап арттыра отырып, жаңа табыстарға жете береді.

М. НУРПЕИСОВ.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай)

дан. Өндіріске еңбектің озат әдісі — сағаттық графика қолдану, трактор бригадаларын шаруашылық есепке көшіру, дәнді дақылдарды тоғыспалы және тарқатарлы әдіспен себу, картопты шаршы-ұялы әдіспен отырғызу сияқты зор мүмкіншілікті пайдаланбау салдарынан көптеген МТС-тер өздерінің алдына қойылған міндеттерді орындай алмай келеді. МТС-тердің

дан қол үзген. Ол қысты күндері колхоздарда мүлде болмайды, ал, көктемгі, жазғы жұмыстар кезінде сәгі түсіп, трактор отрядтарына келе қалса, біреу сағаттан кейін қайтуға асығып жүреді.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің зор міндеттері кө-

рсетіліп, партия ұйымының төңірегіне тығыз топтастыру арқылы оларды машина-трактор паркін өнімді пайдалану, ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу күресіне жұмылдыра білуге тиіс.

И. ПОЛИПОВ,

ҚНП облыстық комитетінің ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі.

КОМСОМОЛЦТЕР АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА

Молотов атындағы колхоздың (Совет ауданы) комсомолцтері көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде әрі сапалы өткізу үшін социалистік жарысты күннен күнге өрістетуде. Социалистік жарыста әсіресе тракторшы комсомолец Тілеубергенов жолдас үздік келеді. Ол «СХТЗ» тракторымен әрбір сменада 18 гектар орнына, 28 гектар жерге тұқым сеуіп, 5—7 килограмм жанар, жағар майын үнемдейді. Комсомолец Ә. Мұхамеджанов жолдас

та социалистік жарыста алған міндеттемесін аброймен орындап жүргендердің бірі. Ол «СТЗ—НАТИ» тракторымен бір сменада 8 гектар орнына, 10—12 гектар жер жырттып, 15 килограмма дейін жағар майын үнемдеді. Осы сияқты, тракторшы комсомолец Рабдуллин жолдас «С—80» тракторымен 17 гектар орнына, 29 гектар жер жыртады.

Комсомолецтер жұмыстан бос уақытта колхозшылар үшін дауыстап газет оқын,

өңгімелер өткізеді. Бригада бойынша күнделік жұмыс қорытындысын шығаруға көмектеседі. Озат тәжірибелер жөнінде егіншілер өзара пікір ауысуларын ұйымдастырады. Әрбір бригадада бес күн сайын «жауынгерлік листоктар» шығады. Онда істегі кемшіліктер батыл сынанып, озаттардың тәжірибелері жазылады.

Қ. ЗАҒЫПАРОВ,

Колхоз комсомол ұйымының секретары.

Колхозды ауыл-селоларды жаппай радиоландырайық

Ол-аудағы күн санап жақсарып, мәдениеті өсіп отырған ауыл-село еңбекшілерінің өмірінде радио ерекше зор орын алып отыр. Олар советтік радио арқылы берілген күнбе-күнгі шындық хабарларды, өндірістегі, ауыл шаруашылығындағы алдыңғы қатарлылардың озат тәжірибелерін әрқашан да көңіл қойып сүйсіне тыңдайды. Отанмыздың жүрегі — Москваның дауысын еліміздің ол шеті мен бұл шетіндегі облыс, аудан орталықтарының да, ең алыстағы ауыл-селоларының да еңбекшілері москвалықтармен бірізді естіп отырады.

Партиямыз бен үкметіміздің күнбе-күн қамқорлық жасап отыруы нәтижесінде елімізде әсіресе соғыстан кейінгі жаңа бесжылдықтар ішінде радио онан әрі қызу қарқынмен өрістетіле түсті. Радиохабарын қабылдау сәттері едәуір артып, ол халық шаруашылығының түрлі салаларында кеңінен пайдаланылатын болып алды. Көзір партия мен үкмет таяудағы жылдар ішінде елімізді жаппай радиоландыруды аяқтау міндетін қойып отыр.

Колхозды ауыл-селоларды жаппай радиоландыру мемлекеттік аса зор маңызы бар іс болып саналады. Міне, сондықтан да бұл жөнінде белгіленген шаралар дер кезінде мұлтіксіз жүзеге асырылып отырылуға тиіс.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің қарарларымен қаруланған облыс байланысшылары ауыл-селоларды жаппай радиоландыру жөнінде едәуір жұмыс істеді. Өткен жылы облысымызды радиоландыру жоспары артығымен орын-

далса, жергілікті бюджет есебінен радиостанциялар салу жоспары мерзімінен екі ай бұрын орындалды. Ал, колхоздарды радиоландыру және радио топчаларын орнату жоспары да асыра орындалды. Облыс колхоздарының 96 проценті, елді жерлердің 56 проценті көзірдің өзінде радиоландырылып болды. Соғыстан кейінгі сталиндік бесжылдықтар ішінде колхоздарда жаңадан 48 радиоторабы салынып, радиоточка саны 2987 ге, радиоторабының қуаты 1038 ваттқа жетті.

Ауыл-селоларды радиоландыру жұмысы әсіресе Петропавл, Соколов, Мамлют аудандарында ойдағыдай жүргізіліп отыр. Мәселен, Петропавл ауданында колхоздардың 100 проценті, ал елді жерлердің 85 проценті, Соколов ауданында колхоздардың 100 проценті, елді жерлердің 70 проценті, Мамлют ауданында колхоздардың 100 проценті, елді жерлердің 63 проценті радиоландырылды.

Аталған аудандарда бірқатар колхоздардың радиотораптары көзір жұмысты біркелкі және ойдағыдай істейді. Колхозшылардың көпшілігінің үйлеріне радиоточка орнатылған. Көп колхозшылар үйлеріне радиобақылағыштар орнатқан.

Алайда, жекелеген аудандарда ауыл-селоларды радиоландыру, радиотораптардың тыңғылықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде елеулі кемшіліктерге жол беріліп келеді. Мысалға, Булаев, Приешім, Конохов аудандарын алайық. Бұл аудандарда жаңадан радиотораптарын салу, қолда бар радиотораптарын жөндеу және олардың тыңғылықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде мардымды

ештеңе істелмей отыр. Керек десе аудандық байланыс бөлімдері радио торабын салу жөнінде күні бүгінге дейін колхоздармен шарт та жасасқан жоқ. Приешім аудандық радиоторабы жұмысты сапалы істемейді, көп реттерде радиобақылағыштардың жақсы естілуі қамтамасыз етілмейді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезі радио құралдарын және радиохабар таратуды онан әрі өркендетудің нақтылы программасын белгілеп берді. Жаңа сталиндік бесінші бесжылдықта радиостанцияларының қуаты әлде қайда арттырылып, радиобақылағыштар және телевизор жасап шығару екі есе ұлғаятын болады.

Бүкіл еліміздегі сияқты біздің облысымызда да ауыл-селоларды радиоландыру жөнінде бірқатар шаралар қарастырылып отыр. 1953 жылы 27 колхозда жаңа радиоторабы орнатылмақ, 160 километрлік радио жолы тартылып, колхозшылардың үйлеріне 2 мыңнан астам радиоточка орнатылмақ. Әріне, бұл игілікті істің жоспары ғана. Күн санап өркендеп өсіп келе жатқан колхозды ауыл-село еңбекшілеріне коммунистік тәрбие берудің күшті құралдарының бірі—радиомен ауыл-селоны толық қамтамасыз ету байланыс қызметкерлерінің басты міндеті.

Радиоландыру жоспарының орындалуын, қолда бар радио тораптарының біркелкі жұмыс істеуін қамтамасыз ету жалғыз байланысшылардың ғана міндеті деп түсінуге болмайды. Партия, совет, комсомол ұйымдары мен сауда орындары да ауыл-селоларды жаппай радиоландыру мәселесімен неғұрлым көбірек шұғылданып, байланыс орындарына тиісті көмек көрсетулері керек.

Бұдан екі жылдай уақыт бұрын Совет ауданының комсомолцтері мен жастары

терді. Жазғы спорт маусымы басталды.

Спортшылардың салтанатты парадын өткен жылғы спорт жарысы-

Клуб салуда

Октябрь ауданындағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің құрылысы шырлары өткен жылы бірталай құрылыс жұмыстарын жүргізді. Олар 76 бастық бұзау үйін, астық қоймасын, қой-ешкі қораларын және көпір салған болатын. Көзір құрылысшылар колхоз орталығына 300 кісілік клуб салуда. Құрылысшылар К. Байлин, Д. Варжаскин және О. Нурпейсов жолдастар қажырлы еңбек етуде. Құрылысшылар колхоз клубын 1 июньге дейін бітірмек.

Ш. ҚҰСАЙНОВ.

ауыл-селоларды радиоландыру жөнінде игілікті іс бастап, бұл міндетті табысты орындауға облыс жастарын шақырды. Бұл бастама облыс еңбекшілерінің қызу қолдауын тапты. Көптеген колхозшылар, комсомолдар мен жастар өздеріне радиобақылағыштар сатып алып, оны үйлеріне орнатты. Бірақ, аудандық комсомол комитеттері мен бастауыш комсомол ұйымдары бұл бастаманы қолдағаны болмаса, оның кең көлемде өріс алуын қамтамасыз ете алмады. Игілікті істің жарымы болған Совет ауданының өзінде де колхоздарды радиоландыру, әсіресе радиобақылағыштар сатып алу, колхозшылар үйінде радио болуын қамтамасыз ету жөнінде соңғы уақытта мардымды ештеңе істелмей отыр.

Радио—ауыл-селода саяси және мәдени жұмыстарды идеялық жоғары дәрежеде жүргізуге, колхозшы шаруаларды коммунизмнің ұлы идеяларымен қаруландыруға, алда тұрған саяси міндеттерді ойдағыдай жүргізуге зор мүмкіндік береді. Сондықтан ауыл-селоны жаппай радиоландыру, әрбір колхозшы үйінде радио болуын қамтамасыз ету жөнінде алда тұрған міндетті ойдағыдай орындау облыс байланысшыларының абройлы ісі болып саналады.

Көзір радиотораптарын салу, радио сымдарын тарту сияқты негізгі құрылыс жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізу үшін ең қолайлы маусым туды. Сондықтан байланысшылар арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, радио тораптарын салу жұмыстарын қолға шындан алу қажет.

Ә. МҰХАМЕДРАХИМОВА.

Петропавлдан кейін еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советі аткомінің секретары Б. Қарымбаев жолдас бірінші, екінші

Т. Жаңғыр спортшыларының ашылуына арналған қала спортшыларының парады. 2. Қала чемпионы Т. Федянина жолдас спорт туын жоғары көтерді.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 11 май. (СОТА). Корея Халық армиясы Бас командованиесі бүгінгі берген хабарында өткен күні Халық армиясы мен қытай халық ерік-

тілерінің бөлімдері Сомядон және Пеннамдон аудандарында дұшпанға қарсы барлау ұрыстарын жүргізді делінген.

Египеттің премьер-министрі Нагибтің мәлімдемесі

КАИР, 11 май. (СОТА). Премьер-министр Нагибтің Палестина соғысы кезінде қаза тапқан солдаттарды еске түсіруге арналған жыйында, 10 майда сөйлеген сөзін газеттер басып шығарды.

Суэцк каналының бойындағы ағылшын әскерлерін Египет жерінен әкету туралы келіссөздерге тоқтала келіп, Нагиб: «Египет праволары таласқа түсуді көтермейді және отарлаудың кан-

дай да түрін болсын мойындайтын 1922 және 1936 жылдары Египетке Англия демексіткен тәуелсіздік сияқты «тәуелсіздікке» Египет қанағаттанбайды» деп мәлімдеген.

Нагиб бірлікке шақыра келіп: «Біз ұлы шайқастың алдында тұрмыз және осы әділетті ұлы шайқасқа әзірленуден басқа осы ұлы шайқаста бізге ешнәрсе көмектесе алмайды» деп мәлімдеген.

АРАБ МЕМЛЕКЕТТЕРІ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІ КЕҢЕСІНІҢ ЖАБЫЛУЫ

КАИР, 11 май. (СОТА). Араб елдері лигасының мүшелері—8 араб мемлекеті сыртқы істер министрлерінің кеңесі 10 майда өзінің жұмысын аяқтады.

Баспасөздің хабарларына қарағанда, кеңеске қатысушылар Батыс мемлекеттер ұсынған Орта Шығыс командованиесі деп аталатынның жобасын қабыл-

дамайтындықтары туралы тағы да бір рет мәлімдеп, ағылшын қарулы күштерінің Суэцк каналынан сөзсіз әкетілуін талап етіп отырған Египетті «толық қолдайтындығын» білдірген. Бұл тұжырымдар сыртқы істер министрлері талқылап, мақұлдаған қарарлардың бірнешеуінде жазылған.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«СИЛЬВА»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Петропавл қалалық сүт заводы ССРО Министрлер Советінің 1952 жылғы 4 декабрьдегі бұйрығына сәйкес еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Совет аткомі өзінің 1953 жылғы 12 январьдағы қаулысы бойынша Петропавлдың қалалық сүт заводының текқана сүт қабылдайтын орынға айналдырғанын, мемлекетке сүт тапсырушылар текқана айырмаған сүт тапсыруға тиіс екендігін мемлекетке сүт тапсырушылардың есіне салады.

Сүт қаладағы барлық сүт қабылдау пункттерінде күн сайын таң ертеңгі сағат 7-ден кешкі сағат 3-ке дейін, кешкі сағат 7-ден 11-ге дейін қабылданады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.